



# **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ**

## **АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ.**

**Бағдарламалық құралдарды сертификаттау**

**БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАЛАРДЫҢ  
САРАПТАМАСЫН ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ**

**ҚР СТ 34.010-2002**

**Ресми басылым**

**Қазақстан Республикасы индустрия және сауда министрлігінің  
Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеті  
(Мемстандарт)**

**Астана**

**Алғысөз**

**1** ТК 34 «Ақпараттық технологиялар» стандарттау жөніндегі техникалық комитет **ӘЗІРЛЕДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗДІ**

**2** Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитетінің 2002 жылғы 29 желтоқсандағы № 519 бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН**

**3 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ  
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

**2007 жыл  
5 жыл**

**4 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ**

**Мазмұны**

|                                                                                                                                                        |    |
|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| 1 Қолданылу саласы                                                                                                                                     | 1  |
| 2 Нормативтік сілтемелер                                                                                                                               | 1  |
| 3 Анықтамалар                                                                                                                                          | 3  |
| 4 Белгілеулер және қысқартулар                                                                                                                         | 4  |
| 5 Құжаттамаға қойылатын талаптар                                                                                                                       | 5  |
| 6 Сараптама жүргізуге әзірлік тәртібі                                                                                                                  | 7  |
| 7 Сараптама жүргізу әдісі                                                                                                                              | 8  |
| 8 Сараптама жүргізу тәртібі                                                                                                                            | 8  |
| 9 Сараптама нәтижелерін өңдеу мен рәсімдеу тәртібі                                                                                                     | 10 |
| А қосымшасы (анықтамалық). Бағдарламалық құжаттамада көрсетілген бағдарламалық құрал жөніндегі мәліметтердің тізбесі                                   | 12 |
| Б қосымшасы (анықтамалық). Бағдарламалық құжаттамада көрсетілген деректер туралы мәліметтердің тізбесі                                                 | 14 |
| В қосымшасы (анықтамалық). Бағдарламалық құжаттаманың сараптамасы кезінде пайдаланылатын ГОСТ 28193 бойынша бағалау элементтерінің ұсынылатын жиынтығы | 16 |
| Г қосымшасы (анықтамалық). Бағдарламалық құжаттама сараптамасы хаттамасының нысаны                                                                     | 18 |
| Д қосымшасы (анықтамалық). Библиография                                                                                                                | 20 |

**ҚР СТ 34.010-2002**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ**

---

**АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯ**

**Бағдарламалық құралдарды сертификаттау  
БАҒДАРЛАМАЛЫҚ ҚҰЖАТТАМАЛАРДЫҢ  
САРАПТАМАСЫН ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ**

---

Енгізілген күні

**1 Қолданылу саласы**

1.1 Осы стандарт бағдарламалық құралдардың сертификаттық сынағын жүргізу кезінде бағдарламалық құжаттаманың жиынтықтылығына, ресімделуіне және мазмұнына сараптамалар жүргізудің тәртібі мен ережесін белгілейді.

Әдіс бағдарламалық құжаттаманың сараптамасын жүргізу кезінде басқа да мақсаттарға пайдаланылуы мүмкін.

1.2 Бағдарламалық құжаттаманың сараптамасы бағдарламалық құралдардың, оның ішінде автоматтандырылған жүйенің құрамына кіретін бағдарламалық қамтамасыз етудің сертификаттық сынағының бөлігі болып табылады.

1.3 Деректер базасынан алынатын бағдарламалық қамтамасыз етудің құжаттамасының сараптамасы бағдарламалық қамтамасыз етумен бірге таратылатын деректер базасының сертификаттық сынағының бөлігі болып табылады.

1.4 Осы стандарт ГОСТ 19.301, [1] талаптарына және ГОСТ 8.010 ұсыныстарына сәйкес әзірленді.

**2 Нормативтік сілтемелер**

Осы стандартта мынадай стандарттарға сілтемелер пайдаланылды:

ГОСТ 8.010-90 ГСИ. Өлшемдердің орындалу әдістері.

ГОСТ 19.001-77 ЕСПД. Жалпы ережелер.

ГОСТ 19.005-85 ЕСПД. Р-алгоритмдер және бағдарламалар схемалары. Шартты графикалық белгілену және орындалу тәртібі.

ГОСТ 19.101-77 ЕСПД. Бағдарламалардың және бағдарламалық құжаттардың түрлері.

ГОСТ 19.105-78 ЕСПД. Бағдарламалық құжаттарға қойылатын жалпы талаптар.

## **ҚР СТ 34.010-2002**

ГОСТ 19.106-78 ЕСПД. Баспа жолымен орындалған бағдарламалық құжаттарға қойылатын талаптар.

ГОСТ 19.202-78 ЕСПД. Спецификациялау. Мазмұнына және ресімделуіне қойылатын талаптар.

ГОСТ 19.301-2000 ЕСПД. Сынақтың бағдарламасы мен әдісі. Мазмұнына және ресімделуіне қойылатын талаптар.

ГОСТ 19.401-78 ЕСПД. Бағдарламалардың мәтіні. Мазмұнына және ресімделуіне қойылатын талаптар.

ГОСТ 19.402-2000 ЕСПД. Бағдарламалардың сипаттамасы. Мазмұнына және ресімделуіне қойылатын талаптар.

ГОСТ 19.404-79 ЕСПД. Түсіндірме жазба. Мазмұнына және ресімделуіне қойылатын талаптар.

ГОСТ 19.501-78 ЕСПД. Формуляр. Мазмұнына және ресімделуіне қойылатын талаптар.

ГОСТ 19.502-78 ЕСПД. Қолданылу сипаттамасы. Мазмұнына және ресімделуіне қойылатын талаптар.

ГОСТ 19.503-79 ЕСПД. Жүйелік бағдарламашы басшылығы. Мазмұнына және ресімделуіне қойылатын талаптар.

ГОСТ 19.504-79 ЕСПД. Бағдарламашы басшылығы. Мазмұнына және ресімделуіне қойылатын талаптар.

ГОСТ 19.505-79 ЕСПД. Оператор басшылығы. Мазмұнына және ресімделуіне қойылатын талаптар.

ГОСТ 19.506-79 ЕСПД. Сипаттама. Мазмұнына және ресімделуіне қойылатын талаптар.

ГОСТ 19.507-79 ЕСПД. Пайдаланылатын құжаттардың тізімдемесі.

ГОСТ 19.508-79 ЕСПД. Техникалық қызмет көрсету жөніндегі басшылық. Мазмұнына және ресімделуіне қойылатын талаптар.

ГОСТ 19.603-78 ЕСПД. Өзгерістер енгізудің жалпы тәртібі.

ГОСТ 19.604-78 ЕСПД. Басылым жолымен орындалған бағдарламалық құжаттарға өзгерістер енгізу тәртібі.

ГОСТ 19.701-90 ЕСПД. Алгоритмдер, бағдарламалар, деректер және жүйелер схемалары. Шартты белгілену және орындалу тәртібі.

ГОСТ 24.301-80 АБЖ техникалық құжаттама жүйесі. Мәтіндік құжаттарға қойылатын жалпы талаптар.

ГОСТ 24.302-80 АБЖ техникалық құжаттама жүйесі. Схеманың орындалуына қойылатын жалпы талаптар.

ГОСТ 24.303-80 АБЖ техникалық құжаттама жүйесі. Техникалық құралдардың шартты графикалық белгіленуі.

ГОСТ 24.401-80 АБЖ техникалық құжаттама жүйесі. Өзгерістер енгізу.

ГОСТ 24.402-80 АБЖ техникалық құжаттама жүйесі. Есеп жүргізу, сақтау және айналым.

ГОСТ 34.201-89 Ақпараттық технология. Автоматтандырылған

жүйелерге стандарттар кешені. Автоматтандырылған жүйелер құру кезінде құжаттардың түрлері, жиынтықтылығы және белгіленуі.

ГОСТ 34.321-96 Ақпараттық технологиялар. Деректер базасының стандарт жүйесі.

ГОСТ 15971-90 Ақпаратты өңдеу жүйелері. Терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ 16504-81 Өнімнің мемлекеттік сынақтар жүйесі. Өнімнің сапасын сынау және бақылау. Негізгі терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ 19781-90 Бағдарламалық ақпаратты өңдеу жүйесін қамтамасыз ету. Терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ 28195-99 Бағдарламалық құралдардың сапасына баға беру. Жалпы ережелер.

ГОСТ 28806-90 Бағдарламалық құралдардың сапасы. Терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ Р ИСО/МЭК 8631-94 Ақпараттық технология. Бағдарламалық конструкциялар және оларды көрсету үшін шартты белгілер.

ГОСТ Р ИСО 9127-94 Ақпаратты өңдеу жүйесі. Пайдаланушының құжаттамасы және тұтынушылық бағдарламалық пакеттер үшін бумадағы ақпарат.

ГОСТ Р ИСО/МЭК ТО 9294-93 Ақпараттық технология. Бағдарламалық қамтамасыз етуді құжаттандыруды басқару жөніндегі басшылық.

### **3 Анықтамалар**

Осы стандартта тиісті анықтамаларымен бірге мынадай терминдер қолданылады:

3.1 деректер базасы: олармен пайдаланушы жұмыс істей алатындай деректер базасының схемасына сәйкес ұйымдастырылған, өзара байланысты деректердің жиынтығы.

3.2 сапа көрсеткішінің базалық мәні (базалық мән): БҚ сапа көрсеткішінің нақты қол жетерлік мәні (ГОСТ 28195-99).

3.3 операциялық жүйелер (бағдарламалар) нұсқасы: функционалдық мүмкіндіктердің кейбір жиынтығын иемденетін операциялық жүйелер (бағдарламалар) нұсқасы.

3.4 бағдарламаларды сынау: бағдарламалардың қойылған талаптарға және бағдарламалық құжаттарға сәйкестігін белгілеу.

3.5 ақпаратты өңдеу жүйесінің конфигурациясы: ақпаратты өңдеу жүйесінің функционалдық бөліктерінің жиынтығы және осы функционалдық бөліктердің негізгі техникалық сипаттамаларымен, сондай-ақ шешілетін міндеттердің талаптарымен (ГОСТ 15971-90) шартталған олардың арасындағы байланыстар.

3.6 бағдарламаны ретке келтіру: техникалық құралдардың құрамы мен

құрылымын, мүмкіндікті жұмыс режимдерін және шешілетін міндеттер сыныптарын ескеретін, көпнұсқалық қасиеттерді иеленген бағдарламаның нақты нұсқасын қалыптастыру.

3.7 операциялық жүйе: жүйенің жұмысын автоматты басқару есебінен ақпаратты өңдеу жүйесі тиімділігінің белгілі бір деңгейін қамтамасыз ету үшін және пайдаланушыға қызмет көрсетулердің белгілі бір жиынтығын (ГОСТ 15971-90) ұсынуға арналған жүйелік бағдарламалардың жиынтығы.

3.8 бағдарлама: белгілі бір алгоритмді іске асыру мақсатында деректерді өңдеу жүйесінің нақты компоненттерін басқаруға арналған деректер.

3.9 бағдарламалық құжат: бағдарламалық бұйымды әзірлеу, дайындап шығару, пайдалану мен қамтамасыз ету үшін қажетті мәліметтерді ұстайтын құжат.

3.10 сынақ бағдарламасы: сынақтың объектісі мен мақсатын, жүргізілетін сараптамалардың түрлерін, жүйелілігін және көлемін, сынақты жүргізу тәртібін, шартын, орны мен мерзімін, олар бойынша қамтамасыз етуді және есеп беруді, сондай-ақ сынақты қамтамасыз етуге және жүргізуге жауаптылықты белгілейтін (ГОСТ 16504-81), орындалуы міндетті ұйымдастырушы-әдістемелік құжат.

3.11 бағдарламалық қамтамасыз ету: осы бағдарламаларды пайдалану үшін қажетті деректер мен бағдарламалық құжаттарды өңдеу жүйесінің бағдарламалар жиынтығы (ГОСТ 19781-90).

3.12 бағдарламалық құрал: бағдарламалардан, рәсімдерден, ережелерден, сондай-ақ, егер көзделген болса, оларға сәйкес құжаттамадан және жүйелердің жұмыс істеуіне жататын деректерден тұратын объект (ГОСТ 28806-90).

3.13 бағдарламалық құралдың жұмыс істеу ортасы: жалпы жағдайда техникалық құралдардың талаптарымен, сондай-ақ ұйымдастырушы және бағдарламалық-ақпараттық аспектілермен сипатталатын бағдарламалық құралдардың жұмыс істеуіне қажетті және жеткілікті жағдайлардың берілген сыныбы.

3.14 техникалық құралдар: ақпаратты автоматтандырылған өңдеуге арналған, деректер тасушыны қоса алғанда, барлық құрал-жабдықтар (ГОСТ 15971-90).

3.15 пайдаланылатын құжат: бағдарламалық бұйымның жұмыс істеуін және оны пайдалануды қамтамасыз ету үшін қажетті мәліметтерді ұстайтын бағдарламалық құжат.

## **4 Белгілеулер мен қысқартулар**

Осы стандартта тиісті белгілеулер мен қысқартулар қолданылады:

СЗ – сынақ зертханасы;

НҚ – нормативтік құжат;

БҚ – бағдарламалық құрал.

## **5 Құжаттамаға қойылатын талаптар**

5.1 Бағдарламалық құжаттаманың сараптамасы ГОСТ Р ИСО 9127 және ГОСТ Р ИСО/МЭК ТО 9294 талаптарын қоса алғанда, 9127 ГОСТ 19.001, ГОСТ 19.101, ГОСТ 19.105, ГОСТ 19.106, ГОСТ 19.501, ГОСТ 19.508, ГОСТ 19.603, ГОСТ 19.604, ГОСТ 19.701, ГОСТ 24.301 - ГОСТ 24.303, ГОСТ 24.401, ГОСТ 24.402, ГОСТ 34.201, ГОСТ Р ИСО/МЭК 8631, [1] талаптарына сәйкес, ГОСТ Р ИСО 9127 және ГОСТ Р ИСО/МЭК ТО 9294, сондай-ақ техникалық шарттар немесе тапсырмалардың талаптарына сәйкес жүргізіледі.

5.2 Сараптамаға (ГОСТ 19.101 және ГОСТ 34.201 сәйкес) мынадай құжаттама (жақшаның ішінде осы құжаттың түріне қойылатын талапты белгілейтін НҚ көрсетілген) ұсынылуы мүмкін:

Спецификация (ГОСТ 19.202);

Бағдарламаның сипаттамасы (ГОСТ 19.404);

Бағдарламаның мәтіні (ГОСТ 19.401);

Пайдаланылатын құжаттардың тізімдемесі (ГОСТ 19.507), РД 50.34.689);

Формуляр (ГОСТ 19.501, РД 50.34.698);

Паспорт (РД 50.34.698);

Жүйенің жалпы сипаттамасы (РД 50.34.698);

Қолданылу сипаттамасы (ГОСТ 19.502);

Алгоритм сипаттамасы (РД 50.34.698);

Жүйе бағдарламашысына басшылық (ГОСТ 19.503);

Бағдарламашыға басшылық (ГОСТ 19.504);

Операторға басшылық (ГОСТ 19.505);

Пайдаланушыға басшылық (РД 50.34.698);

Техникалық қызмет көрсету жөнінде басшылық (ГОСТ 19.509);

Тіл сипаттамасы (ГОСТ 19.506);

Бағдарламалық қамтамасыз ету сипаттамасы (РД 50.34.698);

Сынақ бағдарламасы мен әдісі (ГОСТ 19.301, РД 50.34.698);

Ұйымдастырушы құрылымның схемасы (РД 50.34.698);

Ұйымдастырушы құрылымның сипаттамасы (РД 50.34.698);

Автоматтандырылған жобалаудың әдісі (технологиясы) (РД 50.34.698);

Технологиялық нұсқаулық (РД 50.34.698);

Кірістік дабылдар мен деректердің тізбесі (РД 50.34.698);

Шығыстық дабылдар (құжаттар) тізбесі (РД 50.34.698);

Автоматтандырылатын функциялардың сипаттамасы (РД 50.34.698);

Міндеттің қойылу сипаттамасы (РД 50.34.698);

Жүйе сенімділігінің жобалық бағасы (РД 50.34.698);

Жүйені ақпараттық қамтамасыз ету сипаттамасы (РД 50.34.698);  
Ақпараттық база ұйымының сипаттамасы (РД 50.34.698);  
Сыныптау және кодтау жүйелерінің сипаттамасы (РД 50.34.698);  
Ақпараттар жиымының сипаттамасы (РД 50.34.698);  
Техникалық құралдар кешенінің сипаттамасы (РД 50.34.698);  
Автоматтандыру схемасы (РД 50.34.698);  
Техникалық құралдар кешенінің құрылымдық схемасы (РД 50.34.698);  
Жабдықтардың спецификациясы (РД 50.34.698);  
Ақпаратты машиналық тасушылардың тізімдемесі (РД 50.34.698);  
Кірістік деректердің жиымы (РД 50.34.698);  
Деректер базасының каталогы (РД 50.34.698);  
Кірісітік деректердің (хабарлардың) құрамы (РД 50.34.698);  
Деректер базасын қалыптастыру мен жүргізу жөнінде нұсқаулық (РД 50.34.698);  
Техникалық құралдар кешенін пайдалану жөнінде нұсқаулық (РД 50.34.698);  
Деректерді өңдеудің технологиялық процесінің сипаттамасы (РД 50.34.698);

Басқа да құжаттар.

5.3 НҚ мен ұсынылып отырған бағдарламалық құжаттаманың тізбесі нақты БҚ-дың түрі мен мақсатына байланысты және сертификаттық сынақ бағдарламасында белгіленеді.

5.4 Міндетті бағдарламалық құжаттардың тізбесі мен бірнеше құжаттарды бір құжатқа біріктіру мүмкіндігі ГОСТ 19.101-77, ГОСТ 34.201-89 белгіленеді.

Әрбір құжаттың мазмұнын нақты БҚ байланысты әзірлеуші (немесе ТУ) анықтайды. Құжаттардың комплектісі мен БҚ сипаттамасының толықтығы, сараптамаға ұсынылған құжаттарды және оларда сілтемелер бар құжаттарды қоспағанда, әзірлеушіден немесе басқа да көздерден қосымша ақпарат тартусыз құжаттаманың негізінде БҚ пайдалану мүмкіндігін болжайды.

Ескерту – Сілтемелер талаптары осы БҚ қанағаттандыратын, БҚ бағдарламалық құжаттарына, стандарттардың басқа да жасаушыларына және басқа да НҚ-ға болуы мүмкін.

5.5 Бағдарламалық құжаттамаға баға беру үш бағыт бойынша жүргізіледі (1.1-тармақты қараңыз):

- 1) құжаттаманың жиынтықтылығы;
- 2) құжаттарды рәсімдеу (құрамы, құрылымы, техникалық орындалуы);
- 3) құжаттардың мазмұнды жағы (келісімділігі, толықтығы, дәлділігі, қол жетімділігі).

5.6 Құжаттаманың сапасына қойылатын нормативтік талаптар

5.6.1 Құжаттаманың жиынтықтылығына қойылатын талаптар ГОСТ 19.101 және ГОСТ 34.201 белгіленген.

5.6.2 ГОСТ 34.201 бойынша орындалған, РД 50.34.698 белгіленген құжаттардың құрамы мен құрылымына қойылатын талаптар.

ГОСТ 19.001-77, ГОСТ 19.101-77, ГОСТ 19.105-78, ГОСТ 19.106-78, ГОСТ 19.501-78 - ГОСТ 19.509-79, ГОСТ 19.603-78, ГОСТ 19.604-78, ГОСТ 19.701-90, ГОСТ 24.301-80 - ГОСТ 24.303-80, ГОСТ 24.401-80, ГОСТ 24.402-80 бойынша орындалған құжаттардың құрамы мен құрылымы нақты БҚ-ға байланысты.

5.6.3 Бағдарламалық құжаттардың мазмұнды жағына қойылатын талаптар нормаланбаған.

Құжаттаманың толықтығына қойылатын ең төменгі талаптар 5.7. тармақта жазылған.

5.7 Құжаттамада:

- БҚ мақсаты мен қолданылу саласы;
- БҚ-дың жұмыс істеу ортасы (БҚ-дың жұмыс істеуі үшін қажетті техникалық құралдардың конфигурациясы, операциялық жүйе, басқа да жалпы жүйелік және қолданбалы бағдарламалар; БҚ үшін олардың нұсқасын көрсету керек);
- БҚ қалыпқа келтіру әдісі;
- кірістік және шығыстық ақпараттардың құрамы;
- бағдарламаны іске қосу;
- қателер туралы хабарлар мен оператордың іс-әрекеті міндетті түрде көрсетілуі тиіс.

## **6 Сараптама жүргізуге әзірлік тәртібі**

6.1 БҚ сертификаттық сынау жүргізуге үшін, сынау бағдарламасы құрастырылып, ол СЗ-ның басшысымен бекітіледі.

Бағдарламада сынақтың жекелеген кезеңі ретінде ондағы талаптарға сәйкес сараптама жүргізілетін НҚ-дың тізбесі бар бағдарламалық құжаттаманың сараптамасы көзделіп, аудиторлар-сарапшыларының ішінен сынақтың осы кезеңін жүргізуге жауапты адамы көрсетілуге тиіс.

6.2 СЗ бағдарламалық құжаттаманың оған бұрын сараптама жүргізілгеніне қарамастан сараптамасын жүргізуге құқылы.

6.3. Сынақты жүргізу жөніндегі ұйымдастырушылық-техникалық мәселелерді шешуге жауаптылық СЗ жүктеледі.

6.4. Сараптаманы СЗ қызметкерлері мен оған тартылған сарапшылар жүргізеді. Сарапшылардың тізімін (сараптама комиссиясы) сараптама жүргізуге жауапты адам дайындайды және СЗ-ның жетекшісі бекітеді.

6.5. Сараптама комиссиясының жұмысына СЗ-ның техникалық қызметкерлері тартылуы мүмкін.

6.6. Сараптама жүргізуге (оны жүргізу басталғанға дейін) жауапты адам сарапшыларды сараптама жүргізгенде сәйкестігі тексерілетін құжаттаманың

комплекттісімен (немесе оның көшірмесімен) және НҚ-дың комплекттісімен қамтамасыз етуді ұйымдастырады.

6.7 СЗ-да қажетті НҚ (мысалы ТУ, ТЗ және басқалары) жоқ болған кезде оларды өтініш беруші беруі тиіс.

## **7 Сараптама жүргізу әдісі**

7.1 Сараптама жүргізудің негізгі әдісі сараптамалық баға беру әдісі болып табылады.

7.2 Сараптамалық баға алу үшін, әдетте, сарапшылар сауалдамасы әдістері пайдаланылады.

7.3 Сарапшылар сауалдамасының жеке және топтық әдістерін де пайдалануға болады. Жеке әдіс кезінде әр сарапшыға жеке-жеке сауалдама қойылады. Топтық әдіс кезінде барлық сарапшылар тобына немесе оның бөлігіне бірге сауалдамалар қойылады.

7.4 Жеке сауалдама жүзбе-жүз немесе сырттай жүргізіледі. Жүзбе-жүз сауалдама кезінде сарапшы сауалдама жүргізіп отырған адамға өзінің пікірін айтады. Сырттай сауалдама кезінде сарапшы сауалдама картасын толтырады.

7.5 Сауалдаманың топтық әдісі өзара іс-әрекетті сауалдама және өзара іс-әрекетсіз сауалдама тәсілдеріне бөлінеді.

Өзара іс-әрекетті сауалдама сараптамалық топтың отырысында сарапшылардың пікірлерін талқылауды қамтиды.

Өзара іс-әрекетсіз сауалдама кезінде талқылау болмайды.

## **8 Сараптама жүргізу тәртібі**

Сараптама жүргізу кезінде:

8.1 Сараптамаға берілген құжаттаманың 5.6-тармақта көрсетілген нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестік жиынтықтылығы тексеріледі.

8.2 Құжаттардың ресімделу (құрамы, құрылымы, техникалық орындалуы) және келісімділік сараптамасы жүргізіліп, оның барысында:

8.2.1 Құжат атауының (тақырыбының) НҚ-тың талаптарына сәйкестігі.

8.2.2 Құжат атауының (тақырыбының) оның мазмұнымен (бөлімдердің, бөлімшелердің, тармақтардың тақырыптары бойынша) сәйкестігі.

8.2.3 Бөлімдер, бөлімшелер, тармақтар тақырыптарының НҚ-тың талаптарына сәйкестігі.

8.2.4 Бөлімдер, бөлімшелер, тармақтар тақырыптарының олардың мазмұнымен сәйкестігі.

8.2.5 НҚ-ға сілтемелердің қолданылу және ресімделу дұрыстығы.

8.2.6 Тексерілетін құжат ережесінің қолданыстағы НҚ ережелерімен өзара сәйкестігі.

8.2.7 Тексерілетін құжат ережесінің осы құжаттама жүйесінің басқа да құжаттарының ережелерімен және басқа да БҚ-ға құжаттама ережелерімен сәйкестігі.

8.2.8 Мәтіннің еміле және тыныс белгілердің нормалары мен ережелеріне сәйкестігі.

8.2.9 Терминдерді және басқа да таңбалау құралдарының (терминологиялық сараптама) қолданылу және олардың жазылу дұрыстығы тексеріледі.

8.2.9.1 Терминологиялық сараптаманың объектілері тіл және таңбалау құралдары болып табылады:

- арнаулы терминдер мен қысқартулар;
- графикалық белгілер мен символдар;
- иллюстрациялық материалдар.

8.2.9.2 Арнаулы терминдер мен қысқартулардың (аббревиатуралардың) дұрыс қолданылуын және олардың НҚ-дың талаптарына сәйкестігін тексеру қажет.

8.2.9.3 Құжаттың мәтінінде рұқсат етілмейтін және ұсынылмайтын терминдердің жоқтығын тексеру қажет.

8.2.9.4 Құжатта стандартталмаған терминдерге арналған түсініктеменің (анықтаманың) болуын тексеру қажет.

8.2.9.5 Қысқа нысандардың және стандартталмаған қысқартулардың қолданылу дұрыстығын тексеру қажет.

Ескерту – Бұл жерде терминді алғашқы қолданған кезде және/немесе қысқарту тізімінде оның алғашқы нысаны міндетті түрде ескерілуіне ерекше көңіл бөлінеді.

8.2.10 Графикалық материалды ресімдеудің ГОСТ 19.005 және ГОСТ Р ИСО/МЭК 8631 талаптарына сәйкестігін тексеру қажет.

8.3. Құжаттардың мазмұнды жағының сараптамасы.

8.3.1 Сарапшылар құжаттар мазмұнының толықтығына, нақтылығына және түсінікті жазылуына жеке тәжірибелерінің негізінде және осы стандарттың 5.6 және 5.7-тармақтарының талаптарын ескере отырып баға береді.

8.3.2 Құжаттың толықтығына, нақтылығына, түсінікті жазылуына баға беру өлшемі нақты БҚ мен болжалды пайдаланушылардың біліктілігіне байланысты және НҚ белгіленбейді.

8.3.3. Бағдарламалық құжаттамада көрсетілетін ақпараттың үлгі тізбесі А және Б қосымшаларында көрсетілген.

8.4. Егер сертификаттық сынақтар бағдарламасында ГОСТ 28195 бойынша БҚ сапасының бағасы көзделсе, онда жиынтықтылығы, ресімделуі мен келісімділігі ескерілетін құжаттаманың сапасына кешенді баға беру «қолдануға ыңғайлы» және «әдептілік» сапа факторларын бағалау элементтері арқылы жүзеге асырылады.

8.4.1 Мұндай жағдайда «қолдануға ыңғайлы» және «әдептілік» факторларының тиісті бағалау элементтері бағдарламалық құжаттаманың сараптама бағдарламасына қосылады. Олар бойынша алынған сараптамалық бағалар сертификаттау сынағының алдағы уақыттағы кезеңдеріне пайдалануға беріледі.

8.4.2 Бағдарламалық құжаттарға баға беру өлшемі ГОСТ 28195 берілген.

8.4.3 Баға беру элементтерінің сараптама бағаларын өңдеу әдісі ГОСТ 28195 жазылған.

8.4.4 8.4.1-тармағында көрсетілген бағалау элементтерінің ұсынылып отырған жиынтығы, факторлары В қосымшада келтірілген.

## **9 Сараптама нәтижелерін өңдеу және рәсімдеу тәртібі**

9.1 Сарапшылардың пікірлерін жинақтау үшін дауысқа салу және орташалау тәсілдері қолданылады. Дауысқа салу кезінде сарапшылар тобының жинақталған пікірі көпшілік дауыспен анықталады, орташалау кезінде жинақталған пікір есептеу жолымен анықталады.

9.2. Есептеу әдісі кезінде бағалау ретінде орта арифметика, медиана немесе мода пайдаланылуы мүмкін.

Жекелеген сарапшылар бағаларының бытыраңқылығы статистикалық көрсеткіштермен: орта квадраттық ауытқумен, вариация коэффициентімен, конкордация коэффициентімен, корреляцияның әр түрлі коэффициенттерімен, кең ауқымдылықпен және басқалармен сипатталуы мүмкін.

9.3 Сарапшылар тобының жинақталған пікірлері және сараптама бағалары келісімділігі параметрлерінің мәні (есептеу әдісін пайдалану кезінде) барлық сарапшылардың назарына жеткізіледі.

9.4 Сарапшылар алынған мәліметтерді талқылайды, бұдан кейін сараптама жүргізуге жауапты адам сараптамалық қорытынды жазады, оған сараптамалық топтың барлық мүшелері қол қояды.

9.5 Бағдарламалық құжаттама бойынша сараптамалық қорытынды сертификаттық сынақ хаттамасына қоса тіркеледі. Сараптама хаттамасының нысаны Г қосымшада көрсетілген.

9.6 Егер құжаттама осы стандарттың 5.7-тармағының талаптарына сәйкес келмесе, онда сараптамалық қорытынды теріс деп есептеледі.

9.7 9.6-тармақта көрсетілгеннен ерекше жағдайларда, сарапшы құжаттаманың ұсынылып отырған талаптарға сәйкестігі туралы шешім шығарады.

9.8 Бағдарламалық құжаттама сараптамасының оң нәтижесі, егер мұндай сараптама сертификаттық сынақ бағдарламасында көзделген болса, ұйымдар үшін сертификаттық сынақтың келесі кезеңдеріне қажетті шарт болып табылады.

9.9 Сараптама процесінде көрсетілген құжаттаманың ұсынылып отырған талаптарға сәйкес еместігі анықталған және теріс қорытынды шығарылған жағдайда СЗ-ның басшысы бұдан әрі сертификаттық сынақты тоқтату туралы шешім қабылдауы мүмкін.

**А қосымшасы**  
*(анықтамалық)*

**Бағдарламалық құжаттамада келтірілген  
бағдарламалық құрал жөніндегі мәліметтердің тізбесі**

Ескерту – Осы стандарттың негізгі мәтінінде көрсетілген НҚ әзірлеушіге бағдарламалық құжаттамаға енетін ақпаратты тандау кезінде жеткілікті еркіндік береді. Бағдарламалық құжаттардың мазмұны және осы құжаттарды құрастыру, көпшілігінде нақты БҚ түрі мен мақсатына байланысты болады. Алайда, практикада БҚ-ды тиімді игеруге және пайдалануға мүмкіндік беретін ақпаратқа кейбір талаптар қалыптасты. Бұл талаптар Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген НҚ-да жазылмаған, сондықтан осы анықтамалық қосымшада бағдарламалық құжаттамада болуға тиісті БҚ туралы мәліметтердің ұсынылған тізбесі келтіріліп отыр.

**А.1. БҚ дәлdestіру**

А.1.1. Бағдарламаның атауы және бағдарлама функцияларының қысқаша ережесі бар тақырыпша.

А.1.2. Түпнұсқасы мен осы нұсқаның жасалған күндерін қоса алғандағы бағдарламаның нұсқасы; алдыңғы тарихы

**А.2. Жалпы ережелер**

А.2.1. Жауаптылық – БҚ-дың әзірленуіне, пайдалануына, жолдануына (техникалық қызмет көрсету) одан әрі дамуына жауапты ұйымдар көрсетіледі.

А.2.2. Шарттасу пункттері – құқықтық шарттар (авторлық құқық, меншік құқығы, қорғау және т.б.); әкелінетін модульдер; орнату; оқыту; қызмет көрсету; сапа кепілдігі.

А.2.3. Көлемі және қолданылу саласы.

А.2.4. Бағдарламаның тізбесі – проблеманы сипаттау және оны жалпы қолы жетерлік нысанда бағдарлама арқылы ұсыну. Қосымша теориялық принциптер, әдістер, әдебиетке сілтемелер ұсынылуы мүмкін.

А.2.5. Терминология (қолданылып отырған қысқартуларды, белгілерді, арнайы символдарды, префикстерді қоса алғанда), дәлділік, дөңгелектеулер, координаттар жүйесі, мөлшерлер ауқымы (өрісі) және т.б.

А.2.6. БҚ функциялары – барлық функцияларды кірістік деректер мен алынған нәтижелерді түсіндіру арқылы сипаттау.

А.2.7. Сипаттамалар - өнімділік, жедел және дискілік жадқа қойылатын талаптар туралы деректер, перифериялық жабдық, нәтижелердің дәлділігі және т.б.

А.2.8. Шектеулер – бағдарламаны пайдалануға қатысты қойылатын кез келген шектеулер.

А.2.9. Қателерді өңдеу

А.2.10. Деректерді қорғау – функциялардың, деректерді қорғау және

сақтау тәсілдерінің сипаттамасы.

А.2.11. Қолданбалы сипаттағы деректерді сипаттау – кірістік және шығыстық деректер; үнемі жадта сақталатын деректер және сол сияқты оларды пайдалануға қатысты барлық атрибуттармен. (Г қосымшасын қараңыз).

А.2.12. Бағдарлаудың қолданылып жүрген тілдері және қолданылып жүрген компиляторлар (атауы, нұсқасы, жеткізушісі көрсетілген (интерпретаторлар)).

А.2.13. Бағдарламалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар: негізгі бағдарламаны орындау үшін қажетті басқа бағдарламалардың атаулары мен нұсқалары (мысалы, операциялық жүйе, құралдар драйверлері және т.б.).

А.2.14. Аппараттық қамтамасыз етуге қойылатын талаптар: аппараттық жабдықтың конфигурациясы, ақпарат тасығыштары.

А.2.15. Жұмыс режимі – пакеттік, диалогтік, нақты уақыт және т.б.

А.2.16. Пайдалану үлгісі.

А.2.17. Ілеспе құжаттама – қолда бар құжаттамаға сілтеме жасау тізбесі (мысалы пайдаланушыға басшылық, бағдарламашыға басшылық және т.б.)

А.3. Техникалық құжаттама.

А.3.1. Бағдарламаның техникалық сипаты.

А.3.1.1. Терминология мен шартты белгілеулер, ішкі деректерді қоса алғанда.

А.3.1.2. Бағдарламаның құрылымы – блоктардың ұйымдасуын сипаттау (кіші бағдарламалар, модульдер, сегменттер, жадты бөлу), блоктардың, кіру нүктесінің, интерфейстердің, байланыстың атауларын қоса алғанда.

А.3.13. Бағдарлама басылымы.

А.3.2. Деректердің техникалық сипаты - атаулары, нәтижелері, ұсыну форматы, мазмұны, қол жеткізу тәсілдері, жауаптылық, сақталуы, өзара байланыстар (Б қосымшасын қараңыз)

А.3.3. Пайдалану.

А.3.3.1. Басқарушы командалар: операциялық жүйенің басқарушы командалары.

А.3.3.2. Пайдалану тәсілдері: іске қосу, тоқтату, кідіріс, ұзу, қайта іске қосу, ерекше жағдайларды қоса алғанда.

А.3.3.3. Хабарламалар – бағдарламаның барлық хабарламаларының тізбесі және сипаттамасы.

А.3.4. Орнату және күтіп ұстау.

А.3.4.1. Орнату жөніндегі техникалық ақпарат.

А.3.4.2. Оқыту.

А.3.4.3. Бейімделу.

А.3.4.4. Сынақтар – бағдарламаның жұмыс жасау қабілеттілігін барлық кіріс деректермен және болжалды нәтижелермен бірге тексеру тәсілдері.

А.3.4.5. Қолдау – бағдарламаны модификациялауға және әзірлеуге арналған қосымша ақпарат.

**Б қосымшасы**  
*(анықтамалық)*

**Бағдарламалық құжаттамада көрсетілген  
деректер туралы мәліметтердің тізбесі**

**Б.1 Деректердің ұқсастығы**

Б.1.1 Техникалық ұқсастық – бағдарламада деректерді белгілеу және деректер базасын сипаттау.

Б.1.2 Қолданбалы ұқсастық – қолданбалы сипаты бар деректердің ұқсастығы.

Б.1.3 Санат (мысалы, деректер өрісі, файл, сегмент, деректер базасы).

Б.1.4 Статус (мысалы, мәтіндік немесе жұмыс).

Б.1.5 Құжаттаманы пайдалану – көлемі; қолданылу саласы (мысалы, бөлімше, пайдаланушылардың санаты); құжаттың қолданылу мерзімі, күші жойылған құжаттардың тізбесі.

**Б.2 Деректердің сипаты**

Б.2.1 Мақсаты – деректердің қолданбалы сипаты және олардың мақсаты; өзге де деректер.

Б.2.2 Дескрипторы – түйінді сөздер, тақырыптар, сөз-белгілері, қолданбалы сілтемелер.

Б.2.3 Заңдық, ұйымдастырушылық, пайдалану және басқа да талаптарға қатысты деректердің сезгіштігі (мысалы, қорғану, құпиялылық деңгейі).

**Б.3 Деректерді ұсыну**

Б.3.1 Құрылым - өзара байланыстар көрсетілген ақпараттық объектілердің тізбесі.

Б.3.2 Форматтар.

Б.3.3 Мөлшері.

Б.3.4 Деректер тасушылар.

Б.3.5 Қысу.

Б.3.6 Кодтау.

Б.3.7 Символдарды теру.

**Б.4 Мазмұны**

Б.4.1 Деректердің типтері – тұтас, символдық жол, көрсеткіш, кесте, күні және басқалар.

Б.4.2 Өлшем бірліктері.

Б.4.3 Мүмкіндікті мәндердің ауқымы.

Б.4.4 Тексерудің шарты мен әдісі.

**Б.5 Қатынау**

Б.5.1 Қатынау құқығын беру – деректерге қатынау құқығын қамтамасыз ететін (оларды құру, оқу, түзету, беру, жою үшін) ұйымдар, адамдар, рәсімдер.

Б.5.2 Қатынауды басқару – құзыреттеріне сәйкес деректерге қатынауды реттейтін шаралар мен рәсімдер.

Б.6 Жауаптылық

Б.6.1 Деректерді пайдаланғаны үшін жауаптылық

Б.6.2 Ұйымдастырушылық жауаптылығы

Б.6.3 Техникалық жауаптылық (мысалы, бағдарламалық қамтамасыз ету, әзірлеу, есептеу техникасымен қызмет көрсету).

Б.6.4 Деректерді сақтағаны және бергені үшін жауаптылық.

Б.7 Деректердің сақталуы

Б.7.1 Архивтеу – жиілігі, тәсілдері, сақталу мерзімі.

Б.7.2 Қалпына келтіру – рәсімдер мен ауқымды еңбек

Б.7.3 Кодтау.

Б.8 Байланыстар

Б.8.1 Байланыстардың болуы: деректер объектілерінде болатын деректер объектілері.

Б.8.2 Деректер тәуелділігі – байланыстардың типтері мен алмасуы.

Б.8.3 Деректерді пайдалану – деректерге қатынау түрлері.

**В қосымшасы**  
*(анықтамалық)*

**Бағдарламалық құжаттаманың сараптамасы кезінде пайдаланылатын  
ГОСТ 28195-89 бойынша бағалау элементтерінің ұсынылатын  
жиынтығы**

В.1 Бағалау элементтерінің ұсынылатын жинағы құжаттардың 5.1-тармақшада көрсетілген ГОСТ міндетті талаптарына және 5.7 тармақшаның талаптарына сәйкестігін тексеруді қамтамасыз етуінен қалыптасқан.

Ескерту - Бағалау элементтерінің ұсынылатын жинағы БҚ-дың сапасын тұтастай бағалау үшін ғана емес, бағдарламалық құжаттарды бағалау үшін пайдалану ұйғарылып отырғандықтан оған тек «қолдануға ыңғайлы» факторының бағалау элементтерінің санына кірмеген «ұқыптылық» факторының бағалау элементтері ғана енгізілген. БҚ-дың сапасын тұтастай бағалау кезінде осы бағалау элементтерін екі факторға да енгізу керек.

В.2 «Қолдану қолайлығы» факторының бағалау элементтері (жақшада элементтің коды көрсетілген):

- БҚ құжаттама бойынша игеру мүмкіндігі (У0101);
- игеру үшін құжаттаманың дәлдігі (У0202);
- аннотацияның болуы (У0301);
- шешілетін міндеттер сипаттамасының болуы (У0302);
- негізгі функциялар сипаттамасының болуы (У0304);
- жеке функциялар сипаттамасының болуы (У0306);
- пайдаланылатын интерфейстер сипаттамасының болуы (У0309);
- кірістік және шығыстық деректер сипаттамасының болуы (У0310);
- диагностикалық хабарлар сипаттамасының болуы (У0311);
- жұмыс істеу ортасы сипаттамасының болуы (У0314);
- БҚ пайдалануға енгізу үшін құжаттаманың жеткіліктілігі (У0315);
- құжаттаманың мазмұнына тақырыптың сәйкестігі (У0401);
- құжаттамада қарама-қайшылықтың жоқтығы (У0404);
- терминдерді пайдалану дұрыстығы (У0408);
- құжаттамада стандарттардың сақталуы және баяндалу тәртібі (У0505);
- тақырыптың болуы (У0601);
- барлық талап етілген бөлімдердің болуы (У0604);
- құжаттар парақтарының үздіксіз нөмірленуін сақтау (У0605);

В.3 «әдептілік» факторының бағалау элементтері (жақшада элементтің коды көрсетіледі):

- БҚ түсіну мен пайдалану үшін барлық қажетті құжаттардың болуы (К0101);
- бағдарлама модульдерінің сипаттамасы және иерархия схемасының болуы (К0102);

- жүйені ретке келтіру әдістері сипаттамасының болуы (K0112);
- бағдарламаның жұмысқа қабілеттігін тексеру тәсілдері сипаттамасының болуы (K0114);
- жеке функцияларды сипаттауда қарама-қайшылықтың жоқтығы (K0301);
- әртүрлі құжаттарда негізгі функцияларды сипаттауда қарама-қайшылықтың жоқтығы (K0302);
- алгоритмдерді сипаттауда қарама-қайшылықтың жоқтығы (K0303);
- жүйедегі өзара байланысты сипаттауда қарама-қайшылықтың жоқтығы (K0304);
- модульдер арасында интерфейстерді сипаттауда қарама-қайшылықтың жоқтығы (K0305);
- пайдаланушыларымен интерфейстердің сипаттамасында қарама-қайшылықтың болмауы (K0306);
- жүйені ретке келтірудің сипаттамасында қарама-қайшылықтың жоқтығы (K0307);
- хабарлардың иерархиялық құрылымының сипаттамасында қарама-қайшылықтың жоқтығы (K0309);
- диагностикалық хабарлардың сипаттамасында қарама-қайшылықтың жоқтығы (K0310);
- деректердің сипаттамасында қарама-қайшылықтың жоқтығы (K0311);
- құжаттаманың стандарттарға сәйкес жиынтықтылығы (K0701);
- құжаттар бөлімдерінің дұрыс ресімделуі (K0702);
- титулды және бас тақырыпты парақтардың дұрыс ресімделуі (K0703);
- құжаттарда стандарттарға сәйкес барлық бөлімдердің болуы (K0704);
- стандарттарға сәйкес бөлімдер мазмұнының толықтығы (K0705);
- құжаттарды құрылымдық элементтерге бөлу: бөлімдер, бөлімшелер, тармақтар, тармақшалар (K0706).

**Г қосымшасы**  
(анықтамалық)

**Бағдармалық құжаттама сараптамасы хаттамасының нысаны**

БЕКІТЕМІН

Сынақ зертханасының  
жетекшісі

\_\_\_\_\_ (аты-жөні)

(қолы)

\_\_\_\_\_ ж. « \_\_\_\_\_ »

**ХАТТАМА**

\_\_\_\_\_  
(БҚ атауы)

бағдарламалық құжаттаманың сараптамасы.

**1. Осы хаттама**

\_\_\_\_\_  
(дайындаушының атауы)

жасаған, \_\_\_\_\_

(БҚ атауы)

\_\_\_\_\_  
(НТД тізімі)

талаптарына сәйкестігі бағдарламалық құрал құжаттамасының тексерілу нәтижесін куәландырады.

2. Тексеру \_\_\_\_\_ жылдан \_\_\_\_\_ жылға дейін жүргізілді.

3. Сараптама үшін мынадай құжаттар ұсынылды: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_  
(құжаттардың тізімі)

4. Құрамы бойынша құжаттама жинақты (жинақты емес). Егер жинақты емес болса, онда жетіспейтін құжаттар көрсетіледі.

5. Құжаттаманың мазмұны бойынша мынадай кемшіліктері бар (құжаттаманың атауы және кемшіліктердің тізімі).

6. Құжаттамада орындалуы және көбейтілуге жарамдылығы бойынша мынадай кемшіліктер бар (рәсімдеу бойынша кемшіліктердің тізімі).

7. Айтылғандардың негізінде \_\_\_\_\_

(дайындаушының атауы)

құрылған, \_\_\_\_\_

(БҚ атауы)

бағдарламалық құрал құжаттамасы ұсынылып отырған \_\_\_\_\_

---

(НД тізімі)

бағдарламалық құжаттарға қойылатын талаптарына сәйкес (сәйкес емес) деп танылады.

Сараптама жүргізуге жауапты адам \_\_\_\_\_(аты-жөні)

Сарапшылар \_\_\_\_\_(аты-жөні)

Ескерту – Хаттаманың 5 және 6 тармақшалары бойынша ескертулерді мынадай тәртіппен рәсімдеу ұсынылады: тұтас мәтін бойынша ескертулер, бөлімдер бойынша ескертулер, жеке тармақтар бойынша ескертулер. Тұтас мәтін бойынша ескертулер «Бүкіл мәтін бойынша....» деген сөздерден бастауды ұсынады. Бөлімдер мен тармақтар бойынша ескертулерде парақтары, бөлімі және тармағы көрсетіледі.

**Д қосымшасы**  
*(анықтамалық)*

**Библиография**

РД 50.34.698-90 Әдістемелік нұсқаулар. Ақпараттық технология. Автоматтандырылған жүйелерге стандарттар мен басшылық құжаттардың кешені. Автоматтандырылған жүйелер. Құжаттардың мазмұнына қойылатын талаптар.



**ГОСУДАРСТВЕННЫЙ СТАНДАРТ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

---

**ИНФОРМАЦИОННАЯ ТЕХНОЛОГИЯ.  
СЕРТИФИКАЦИЯ ПРОГРАММНЫХ СРЕДСТВ.  
ПОРЯДОК ПРОВЕДЕНИЯ ЭКСПЕРТИЗЫ  
ПРОГРАММНОЙ ДОКУМЕНТАЦИИ**

**СТ РК 34.010-2002**

**Издание официальное**

**Комитет по стандартизации, метрологии и сертификации  
Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан  
(Госстандарт)**

**Астана**

**Предисловие**

**1 РАЗРАБОТАН И ВНЕСЕН** Техническим комитетом по стандартизации ТК 34 «Информационные технологии»

**2 УТВЕРЖДЕН И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ** приказом Комитета по стандартизации, метрологии и сертификации Министерства индустрии и торговли Республики Казахстан от 29 декабря 2002 г. № 519

|                               |          |
|-------------------------------|----------|
| <b>3 СРОК ПЕРВОЙ ПРОВЕРКИ</b> | 2007 год |
| <b>ПЕРИОДИЧНОСТЬ ПРОВЕРКИ</b> | 5 лет    |

**4 ВВЕДЕН ВПЕРВЫЕ**

## Содержание

|                                                                                                                                   |    |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----|
| 1 Область применения                                                                                                              | 1  |
| 2 Нормативные ссылки                                                                                                              | 1  |
